4. «Progression SA» (Прогрэшен Си Эй) ЖШС **Науқанның ұйымдастырушысы** болып табылады, тіркелген мекенжайы: Алматы қ., Ескендіров көш., 50 (әрі қарай – «**Науқанды Ұйымдастырушысы**»), «Нестле Фуд Қазақстан» ЖШС-ның тапсырысы бойынша, тіркелген мекенжайы: 050040, Алматы қ., Тимирязев көш., 28 «В» (әрі қарай – «**Науқанның Тапсырыс берушісі**»).
5. **Науқан өткізілетін аумақ** – Науқан Қазақстан Республикасының барлық аумағында өткізіледі.
6. **Науқан туралы хабарлау тәсілдері:**

Науқан туралы хабарландыру, сондай-ақ Науқанды Ұйымдастырушы, Науқанды өткізу ережелері, Науқан Жеңімпаздарын анықтау тәртібі, Науқан нәтижелері бойынша Жұлделер саны, оларды алу мерзімдері, орны және тәртібі туралы хабарландыру Науқанды өткізу кезеңінде Интернет желісіндегі www.classic-promo.kz мекенжайына (әрі қарай – **Науқан сайты**) жарияланады. Науқан Қатысушыларына Науқанды өткізу шарттарының өзгергені туралы ақпарат Науқан Сайтына жаңалық анонсын жариялау арқылы хабарланады.
7. Науқанға 18 (он сегіз) жасқа толған Қазақстан Республикасының азаматтары және Қазақстан Республикасында мекендеу парағы бар шетелдік азаматтар (әрі қарай – **Науқанға Қатысушылар**) қатысады. Науқанға төмендегідей тұлғалар қатыстырылмайды: Науқанға Тапсырыс берушінің және Науқанды Ұйымдастырушының қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері; Науқанды Ұйымдастырушының және Науқанға Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғайтын тұлғалар, белгіленген тәртіппен Науқанды Ұйымдастырушымен және Науқанға Тапсырыс берушімен үлестес деп танылған тұлғалар, Науқанды Ұйымдастырушымен, Науқанға Тапсырыс берушімен белгіленген азаматтық-

құқықтық және басқа да қарым-қатынастағы және Науқанды ұйымдастырумен және/немесе өткізумен байланысы бар үшінші тұлғалардың қызметкерлері мен өкілдері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері, азаматтығы жоқ тұлғалар мен өзге мемлекеттің азаматтары.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Науқанға 2018 жылдың 1 наурызы Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан 2018 жылдың 30 сәуірі Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минутқа дейінгі кезеңде қатысуға болады (әрі қарай – **Науқанға қатысу өтінімін қабылдау кезеңі**).

15. Науқанға Қатысушы атану үшін Науқанға қатысу өтінімін қабылдау кезеңінде:

15.1. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген тізімдегі Науқан белгісі бар (әрі қарай – **Промостикер**) және ішінде коды* бар қаптамалардағы Өнімнің кемінде 1 тұтыну қаптамасын сатып алу керек.

*Код – осы тармақта көрсетілген Промостикердің ішіндегі сандар мен латын әліпбиінің әріптерінен тұратын комбинация (әрі қарай – **Код**). Кодтар қайталанбайды және де бір код Науқанға қатысу үшін бір реттен артық пайдаланылмайды.

8.2. Науқанға қатысу өтінімін қабылдау кезеңінде Қазақстан Республикасының ұялы байланыс Операторының 7102 қысқа нөміріне промо-коды бар СМС-хабарландыру (осы жерде, жоғарыда және әрі қарай – **СМС-хабарлама**) жолдау арқылы кемінде 1 бірегей код* тіркеу керек.

8.3. Бір бірегей ұялы байланыс нөмірінен кемінде 1 және 20 аспайтын код тіркеңіз.

Ұялы телефоннан СМС-хабарлама жіберер алдында Науқанға Қатысушы ұялы телефонының тарифтік жоспары корпоративтік емес екеніне және Науқанға Қатысушының ұялы телефон тарифіне қызмет көрсететін Ұялы байланыс операторы көрсетілген тарифке сәйкес телефонға жеке қаражат аударуға рұқсат ететіндігін көз жеткізуге міндетті. Егер қатысушы СМС-хабарландыру жіберер алдында бұны тексеріп алмаса, Ұйымдастырушы ұялы телефон шотына Кепілдендірілген жүлденің түспегені үшін жауапты болмайды.

8.3.1. Науқанға қатысушы түпкілікті қорытынды жасалып, Жұлделерді түбегейлі бергенге дейін бүтіндігі кемінде 50%, зақымданбаған коды бар (8 символы бар, оқуға жарамды) Промостикерлерді/қаптамаларды сақтап қоюы тиіс. Зақымданбаған коды бар Промостикерлер/қаптамалар болмаса, Науқанға Қатысушы Жұлделер алу құқығынан айырылады.

8.3.2. Коды бар СМС-хабарландыру жолданған ұялы телефон нөмірі **Науқанға Қатысушыны сәйкестендіру** болып табылады.

8.4. Төмендегідей кодтар қате болып саналады, ескерілмейді және тіркелмейді:

- ойдан құрастырылған;
- Науқанды Ұйымдастырушының Науқанға қатысуға өтінім қабылдау кезеңін бастау күнінен бұрын алған (2018 жылдың 1 наурызы Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан ертерек);
- Науқанды Ұйымдастырушының Науқанға қатысуға өтінім қабылдау кезеңі аяқталған күннен кейін алған (2018 жылдың 30 сәуірі Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минуттан кейін);
- 21 (жиырма бір) және одан артық жолданған кодтар.

8.5. Науқанға Қатысушылардың жолдайтын СМС-хабарламалары мына талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Ұялы байланыс операторының 7102 қысқа нөміріне СМС-хабарлама жолдаған кезде код СМС-хабарламаға латын символдары мен сандарды қолдану арқылы Промостикердің/қаптаманың ішіне жазылған код түрінде жазылады.

Мысалы: KZ4Q N0J8

8.5.1. Кодтарды тіркеу кезінде төменде көрсетілген жағдайлардың бірі орын алған жағдайда СМС-хабарламалар қабылданбайды:

- СМС-хабарламада біреуден артық код болған жағдайда. Егер СМС-хабарламада біреуден артық код болған жағдайда кодты тіркеу кезінде мұндай СМС-хабарламада көрсетілген бірінші код қана қарастырылады;
- СМС-хабарламада код болмаған жағдайда;
- СМС-хабарламада бұрынырақ жолданған код болған жағдайда;
- СМС-хабарламада Ұйымдастырушының код ретінде сәйкестендіре алмаған коды болған жағдайда (барлық кодтардың тізімі Науқанның Ұйымдастырушысында сақталады);

- Науқанды Ұйымдастырушы СМС-хабарламаны Науқанға қатысуға өтінім қабылдау кезеңі басталғанға дейін (2018 жылдың 1 наурызы Астана уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан ертерек) алған жағдайда;
- Науқанды Ұйымдастырушы СМС-хабарламаны Науқанға қатысуға өтінім қабылдау кезеңі аяқталған күннен кейін (2018 жылдың 30 сәуірі Астана уақыты бойынша 23 сағат 59 минуттан кейін) алған жағдайда.

8.5.2. Барлық СМС-хабарламалар Науқанға Қатысушылар туралы ақпараты бар, СМС-хабарламалар өңделетін Ұйымдастырушының дерекқорында сақталады. Барлық СМС-хабарламаларды Ұйымдастырушының дерекқорына беру Науқанға қатысуға өтінімдерді қабылдау кезеңінде күн сайын 24 сағат бойы жүзеге асырылады.

9. Науқанның Жүлде қоры

Науқанның жүлде қоры Науқанды Ұйымдастырушының ақшалай қаражаты есебінен құралады және мынадай Жұлделерден тұрады:

9.1. Кепілдендірілген жүлделер – бірегей нөмірден бірінші тіркеген әр код үшін Қазақстан Республикасының ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірі теңгеріміне 200 (екі жүз) теңге – 15 000 дана (осы жерде, жоғарыда және әрі қарай «**Кепілдендірілген жүлде**»);

9.2. Күн сайынғы жүлделер – 100 000 (жүз мың) теңге – 61 жүлде (әрі қарай – **Күн сайынғы жүлде**);

9.3. Бас жүлде – науқан басталған сәттегі бас жүлденің мөлшері 2 000 000 теңгені құрайды және Науқанды Ұйымдастырушы оны азайта алмайды. Науқанды Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушылар тіркеген Код санына байланысты Бас жүлденің мөлшерін көбейтуге құқылы. Бас жүлденің ақтық мөлшері 3 500 000 теңгеден аспайды және Науқанды Ұйымдастырушы оны 2018 жылдың 1 мамыры Астана уақыты бойынша 00 сағат 10 минутта сайтта тиісті ақпарат жариялау арқылы хабарлайды – 1 жүлде (әрі қарай – **Бас жүлде**).

9.4. Бір Науқанға Қатысушы әр Жүлде түрінің бір-біреуін ғана ала алады.

10. Науқан Жеңімпаздарын анықтау тәртібі:

10.1. Науқан Жеңімпаздары мынадай тәртіппен анықталады:

10.1.1. Кепілдендірілген жүлделер: Алғашқы Кодтарын тіркеген, кодтары дұрыс деп танылған, алғашқы 15 000 бірегей Науқан Қатысушысы Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірі теңгеріміне 200 теңге алады. Оларға ұтысы туралы хабарламасы бар автоматты жауап келеді. Ұтыс жеңімпазға ұтысы расталған сәттен бастап 48 сағат ішінде көрсетілген соманы Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірі теңгеріміне аудару арқылы беріледі. Бір Науқанға Қатысушы (ұялы телефон нөмірі арқылы сәйкестендіріледі) Науқан кезеңінде 1 (бір) ғана кепілдендірілген жүлде ала алады.

10.1.2. Күн сайынғы жүлделер ұту ойыны ағымдағы күні Кодтарды жолдаған/тіркеген Науқанға Қатысушылар арасында өткізіледі.

10.1.3. Күн сайынғы жүлделер ұту ойыны күндері* төменде берілген кестеде көрсетілген:

Кезеңі	Ұтыс ойын күні*	Кезеңдегі Күн сайынғы жүлделер саны
01.03.2018–04.03.2018	05.03.2018	4
05.03.2018–11.03.2018	12.03.2018	7
12.03.2018–18.03.2018	19.03.2018	7
19.03.2018–25.03.2018	26.03.2018	7
26.03.2018–01.04.2018	02.04.2018	7
02.04.2018–08.04.2018	09.04.2018	7
09.04.2018–15.04.2018	16.04.2018	7
16.04.2018–22.04.2018	23.04.2018	7

*Күн сайынғы жүлделер ұту ойынының кестесі Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін, сондай-ақ Науқанның Ұйымдастырушысына қатыссыз жағдайлардың орын алу себебін ескере отырып, өзгеруі мүмкін.

10.1.4. Науқанға Тапсырыс беруші Күн сайынғы жүлделердің жеңімпазын анықтауды ағымдағы күні код жолдаған/тіркеген барлық Науқанға Қатысушылар арасында арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен кездейсоқ анықтау арқылы жүргізеді. Жеңімпазды анықтаған кезде Науқанға Тапсырыс беруші Бірінші жеңімпазды және 5 резервтегі жеңімпазды таңдайды.

10.1.5. Бірінші жеңімпазды анықтағаннан кейін Науқанға Қатысушының ұялы телефонына қоңырау шалу арқылы оның ұтқаны туралы хабарланады. Егер Бірінші жеңімпаз байланыс аясынан тыс жерде болса немесе Бірінші жеңімпаз қоңырауға жауап бермесе, Бірінші жеңімпаз жеңіске жету мүмкіндігінен айырылады. Науқанға Тапсырыс беруші жүлдені табыстау үшін резервте бірінші тұрған жеңімпазбен хабарласады. Егер Тапсырыс беруші резервте бірінші тұрған жеңімпазбен хабарласа алмаса, бұл жеңімпаз тиісті жүлде алу құқығынан айырылады, Науқанға Тапсырыс беруші жүлдені табыстау үшін резервте екінші тұрған (әрі қарай беске дейін) жеңімпазбен хабарласады. Егер Тапсырыс беруші резервте тұрған жеңімпаздардың бәрімен хабарласа алмаса, Науқанға Тапсырыс беруші мұндай жүлдені өз ұйғарымы бойынша басқаруға құқылы.

10.1.6. Бас жүлде ұту ойыны Науқанның барлық кезеңінде код жолдаған/тіркеген барлық Науқанға Қатысушылар арасында өткізіледі.

10.1.7. Бас жүлде ұту ойыны өткізілетін күн – 2018 жылдың 4 мамыры*.

Бас жүлде ұту ойынының күні Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген демалыс және мереке күндерін, сондай-ақ Науқанның Ұйымдастырушысына қатыссыз жағдайлардың орын алу себебін ескере отырып, өзгеруі мүмкін.

10.1.8. Бас жүлде жеңімпазын анықтау нотариустың, Науқанды Ұйымдастырушы және Науқанға Тапсырыс беруші атынан әрекет ететін кемінде бір өкілден тұратын комиссияның қатысуымен, арнайы компьютерлік бағдарламаның көмегімен тіркелген Кодтардың ішінен ұтысты Кодты кездейсоқ анықтау арқылы жүргізіледі (әрі қарай – **«Комиссия»**). Ұтыс ойынды өткізу процесі бейнеге түсіріледі. Науқан Жеңімпазын анықтауға қатысқан ұтыс ойын нәтижелері бойынша Комиссия мүшелері ұтыс ойын хаттамасына қол қояды. Ұтыс ойын хаттамасындағы комиссия мүшелерінің қолдарын нотариус растайды.

10.1.9. Науқан Жеңімпазы анықталғаннан кейін ұтысқа ие болған Науқанға Қатысушыға телефон қоңырауы соғылады. Егер Науқан Жеңімпазының телефоны байланыс аясынан тыс жерде болса немесе Науқан Жеңімпазы қоңырауға жауап бермесе, Науқан Жеңімпазы жеңіске деген мүмкіндігінен айырылады. Науқан Жеңімпазы анықталғанша осы Ереженің 10.1.8-тармағына сәйкес шұғыл түрде жаңа Науқан Жеңімпазын анықтау жүргізіледі.

10.1.10. Үміткер осы Ережелердің талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Науқанның Жеңімпазын ауыстыру қажеттілігі туындаса, Комиссияның қатысуымен Бас Жүлденің қосымша ұтыс ойыны өткізіледі.

11. Науқанның Күн сайынғы жүлделері мен Бас жүлдесін алу шарттары, тәртібі мен мерзімдері:

Науқан Жеңімпаздарының толық тізімі 2018 жылдың 14 мамырынан кешіктірілмей Науқан Сайтына жарияланатын болады (әрі қарай – **Науқанды өткізу нәтижелерін жариялау күні**).

11.1. Күн сайынғы жүлдені алу үшін Науқан Жеңімпазы ұтқаны туралы хабарлама алған сәттен бастап 2 күнтізбелік күннен кешіктірмей, Науқанның Ұйымдастырушысына мына мәліметтерді/құжаттарды беруі қажет:

- ұтысты бірегей Коды бар Промостикердің/қаптаманың электронды көшірмесі. Қажет болған жағдайда Науқанды Ұйымдастырушы Тапсырыс берушінің сұранымы бойынша Промостикердің түпнұсқасын талап етуі мүмкін;
- міндетті түрде ЖСН-і көрсетілген жеке куәліктің көшірмесі (екі жағын);
- банктік шот ашу туралы анықтама немесе қолданыстағы карточка шотының реквизиттері.

11.1.1. Науқанға Қатысушы Күн сайынғы жүлдені алуға құқылы болған жағдайда Науқанның Ұйымдастырушысы көрсетілген Промостикердің/қаптаманың бар екендігін тексеруге құқылы. Зақымданбаған коды бар Промостикер/қаптама болмаса, Науқанға Қатысушы Күн сайынғы жүлдені алу құқығынан айырылады.

11.1.2. Күн сайынғы жүлдені алу үшін Науқан Жеңімпазы Науқан Ұйымдастырушысымен және Тапсырыс берушімен келісілген коммерциялық банкте және Қазақстан Республикасы банктеріндегі клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу ережелерінде белгіленген тәртіппен (ҚР ҰБ Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы №266 қаулысымен бекітілген) банктік шот ашуы қажет.

11.1.3. Күн сайынғы жүлделер жеңіске жеткен Науқан Қатысушыларына осы Ереженің 11.1.- тармағында көрсетілген құжаттарды берген күннен бастап 2018 ж. 1 маусымына дейінгі кезеңде табысталады.

11.1.4. Күн сайынғы жүлде сомасы Жеңімпаздың ертерек ашқан банктік шотына Ереженің 11.1.-тармағында көрсетілген тәртіппен құжаттар бергеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде аударылады.

11.1.5. Науқанның Ұйымдастырушысы Науқанға Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қажет болған жағдайда Науқанға Қатысушыдан қосымша құжаттар сұратуға құқылы.

11.2. Бас жүлде алу үшін Науқан Жеңімпазы ұтыс туралы хабарланған сәттен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей Науқанды Ұйымдастырушыға мына мәліметтерді/құжаттарды беруі қажет:

- міндетті түрде ЖСН-і көрсетілген жеке куәліктің көшірмесі (екі жағы).
- ұтысты бірегей Коды бар Промостикердің/қаптаманың түпнұсқасы;
- банктік шот ашу туралы анықтама немесе қолданыстағы карточка шотының реквизиттері;
- Науқан Жеңімпазының пошталық индексі бар нақты тұрғылықты мекенжайы.

11.3. Жеңімпаз Промостикердің/қаптаманың түпнұсқасын көлік компаниясының курьері арқылы Науқанды Ұйымдастырушыға береді. Промостикердің/қаптаманың түпнұсқасын жөнелтуге кететін барлық шығынды Науқанды Ұйымдастырушы өз мойнына алады.

11.4. Ақша қаражатын өтеусіз беру туралы жасалған шарт (әрі қарай – **Шарт**) негізінде Бас жүлде сомасы Науқан Жеңімпазының ертерек ашқан банктік шотына осы Ереженің 11.2.- тармағында көрсетілген құжаттарды берген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде аударылады.

11.5. Шарт жасау мынадай тәртіппен іске асырылады: Науқанды Ұйымдастырушы Шартты Науқан Жеңімпазының мекенжайына Науқан Жеңімпазы қол қою үшін курьер қызметімен жөнелтеді. Науқан Жеңімпазы Шартқа қол қойып, бір данасын курьер қызметі арқылы Науқанды Ұйымдастырушының мекенжайына қайтарады. Құжаттарды жолдауға қатысты шығынның бәрін Науқанды Ұйымдастырушы өз мойнына алады.

11.6. Науқан Жеңімпазының кінәсінен Бас жүлде алу үшін Промостикердің/қаптаманың түпнұсқасын, қажет ақпарат пен мәліметтерді бермеу (бірақ мұнымен шектелмейді), Жеңімпаздың Бас Жүлде алудан бас тартқаны болып саналады.

11.7. Науқанның Ұйымдастырушысына қатыссыз себептермен Науқанға Қатысушымен тіркеу кезінде көрсеткен байланысу ақпараты бойынша хабарласу мүмкіндігінің болмағаны және Науқанды өткізу кезеңінде Жүлдені алмағаны Науқанға Қатысушының Жүлде алудан бас

тартқаны болып саналады. 11.2-тармақта көрсетілген мерзім аяқталған жағдайда Науқанға Қатысушы Жүлдені талап ете алмайды.

11.8. Талап етілмеген Жүлделердің бәрін, сондай-ақ Науқанға Қатысушылар алудан бас тартқан Жүлделерге Науқанның Ұйымдастырушысы өз ұйғарымы бойынша иелік етеді. Қатысушылар Жүлделерді қайтадан талап ете алмайды, оларға ақшалай өтем берілмейді.

12. Шектеулер

12.1. Бір Науқанға Қатысушы бір ғана ұялы телефон нөмірін пайдалана отырып Науқанға қатысуға құқылы. Бір Науқанға Қатысушының Науқанға қатысу үшін бірден аса ұялы телефон нөмірін қолданғаны анықталған жағдайда мұндай Науқанға Қатысушы Науқан аясында кез келген жүлде алу құқығынан айырылады.

12.2. Тіркелген кезде бірнеше ұялы телефон нөмірі бар Науқанға Қатысушыны анықтау сәйкестендіргіші тұрғылықты мекенжай болып табылады, бірнеше ұялы телефон нөмірінің тұрғылықты мекенжайы, Науқанға Қатысушылардың аты-жөндері және басқа да мәліметтері сәйкес болып тұрады.

12.3. Науқанға Қатысушының ұялы телефон нөмірін бұғаттан шығару-шығармау туралы шешімді Науқанды Ұйымдастырушы қабылдайды.

12.4. Іс-әрекеттерінен алаяқтық немесе қиянат ету белгілері (штрих-кодтарды өндіру немесе өзі таңдау, басқа Науқанға Қатысушыларға қарағанда өзін тиімді жағдайға қоятын кез келген әдіс-тәсілдерді немесе бағдарламалық қамтамасыз етілімді пайдалану) анықталған телефон нөмірлері, IP-мекенжайлар, пошта мекенжайлары бұл Науқанға қатыстырылмайды. Мұндай жағдайда Науқанды Ұйымдастырушы Науқанға қатысу аясында ұялы телефон нөмірін бұғаттауға құқылы. Қатысушыларды Науқанға әрі қарай қатыстырмау туралы шешімді Науқанды Ұйымдастырушы қабылдайды және бұл шешімге шағымдануға болмайды. Науқанға қатыстырылмаған Науқанға Қатысушылар Науқанға қатыстырылмаған сәтке (олар жүлдені алғанға дейін немесе алғаннан кейін) қарамастан, Науқанға қатыстырылмаған сәтте алынбаған кез келген жүлдені алу мүмкіндігінен айырылады және кез келген өтемақы алуға құқысыз.

13. Басқа да жағдайлар:

13.1. Науқанды Ұйымдастырушы:

13.1.1. Науқанға Қатысушылардың Науқанға қатысумен және Жүлде алумен байланысты міндеттерін орындамағаны (уақытында орындамағаны) үшін;

13.1.2. Науқанға Қатысушылардың осы ережелермен таныспағаны, сондай-ақ Науқанды өткізу нәтижелерімен таныспағаны үшін;

13.1.3. Пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, техникалық ақаулық және/немесе Интернет желісіндегі және/немесе Науқанды өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарындағы алаяқтық салдарынан Науқанға Қатысушылардан хат, қоңырау, факсимильді және/немесе электронды хабарламалар алмағаны үшін;

13.1.4. Науқанға Қатысушылардан Жүлделерді алуға қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмағаны (уақытылы алмағаны) үшін;

13.1.5. Науқанға Қатысушылардан Науқанды өткізуге және Жүлделерді беруге қажетті толық емес және/немесе қате байланысу және/немесе өзге де мәліметтер алғаны үшін жауап бермейді.

13.2. Науқанды Ұйымдастырушы Кодтың белгілі бір тұлғаға тиістілігі туралы дау-дамай туындаған жағдайда, оған араласпайды.

14. Науқанның жалпы шарттары:

14.1. Науқанды өткізу ережелерімен және шарттарымен Сайтта немесе 8-800-070-10-95 ақпараттық шұғыл байланыс желісі арқылы (Қазақстан бойынша тегін) танысуға болады. Науқанға Қатысушыларды және Кодтарды тіркеу «шұғыл байланыс» желісінде жүзеге асырылмайды. Тегін ақпараттық «шұғыл байланыс» желісінің жұмыс режимі Науқанды Ұйымдастырушының ұйғарымы бойынша кез келген уақытта операторлардың жұмыс режимінен автоақпарат беру режиміне өзгертілуі мүмкін.

14.2. Науқанға қатыса отырып, Қатысушы өз еркімен Науқанды Ұйымдастырушыға Науқанды өткізуге қатысты берген жеке мәліметтерін Науқанды Ұйымдастырушының және олардың уәкілетті тұлғаларының өңдейтініне, сондай-ақ автоматтандырылған мәліметтерді өңдеу құралдарын пайдалана отырып өңдейтініне келісімін береді.

14.3. Науқанға қатыса отырып, Науқанға Қатысушы Науқанды өткізу ережелерімен және оған қатысу шарттарының бәрімен танысқанын және келісетіндігін растайды, оның ішінде Науқанның Жеңімпазы деп танылған жағдайда Науқанды Ұйымдастырушы Жеңімпаз атанғандығы туралы ақпаратты, аты-жөнін, тұратын қаласын жариялайтындығымен келісетіндігін растайды. Бұл ретте Жеңімпаз өзінің фотосуреті ақысыз жарияланатынымен және болашақта өзінің фотосуретінің жарияланғаны үшін қандай да бір сыйақы талап етпейтінімен келіседі.

14.4. Коды бар СМС-хабарламаны Ұялы байланыс операторының қысқа 7102 абоненттік нөміріне жолдап, Сайтта тіркелген Науқанға Қатысушы Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасында мекендеу парағы бар іс-әрекетке қабілетті азаматы екендігін, өзінің жеке әрі дұрыс мәліметтерін хабарлағанын және Науқанға Тапсырыс берушіден жарнама науқандары, сыйлықтар, өнім үлгілері және басқа да ұсыныстар алуға келісетіндігін растайды. Науқанға Қатысушының келісімі мұндай мәліметтерді рұқсатсыз таратудан қорғаудың қажетті шараларын жасайтын Науқанды Ұйымдастырушыға және оның уәкілетті тұлғаларына Науқанды Ұйымдастырушының және/немесе олардың уәкілетті өкілдерінің Науқанға Тапсырыс берушінің жарнама науқандарына қатысты Қатысушылармен СМС-хабарламалар мен электронды поштаны қоса алғанда, электр байланысы арқылы байланысуды жүзеге асыруға қажетті сауалнамада көрсетілген Қатысушының мәліметтерін жинау, сақтау, өңдеу және пайдалануды жүзеге асыруға құқық береді. Келісім Науқанға Қатысушының тіркеу мәліметтерін хабарлаған сәттен бастап Науқанға Қатысушы кері қайтарып алғанға дейін жарамды.

14.5. Келісімді кері қайтарып алу туралы хабарлама алған жағдайда Науқанның Ұйымдастырушысы мен олардың уәкілетті тұлғалары мұндай Қатысушының жеке мәліметтерін өңдеуді тоқтатып, жеке мәліметтерін кері қайтарып алу түскен күннен бастап 10 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жояды.

14.6. Науқанды өткізуге байланысты іс-әрекеттердің орындалмауы Науқанға Қатысушының келісімін кері қайтарып алу нәтижесінде Науқанға Қатысушының жеке мәліметтерінің жойылу салдарынан болған жағдайда бұл үшін Науқанды Ұйымдастырушы жауапты болмайды.

14.7. Науқанды Ұйымдастырушы Науқанға Қатысушылардың тіркелуге байланысты техникалық ақауларға және төменде көрсетілген басқа да сұрақтарға жауап бермейді:

14.7.1. Егер де нақты бір қалада (аймақта) СМС-хабарлама жолданатын Ұялы байланыс операторының қысқа 7102 абоненттік нөміріне қосылуы үшін Ұялы байланыс операторы аталмыш қызмет көрсетпесе;

14.7.2. Ұялы байланыс операторларының желісінде профилактикалық жұмыстар жүргізілген жағдайда жауап ретіндегі СМС-хабарламаның кешіктірілгені және/немесе жетпей қалғандығы үшін немесе Ұйымдастырушының қатысынсыз туындаған басқа да ақаулықтар үшін, сондай-ақ егер Қатысушының ұялы телефоны өшіп тұрған немесе Ұялы байланыс операторының қолданыс аймағынан тыс жерде болып, оның Науқан Жүлдесінің Иегері деп танылғаны туралы хабарламаның жетпегені үшін;

14.7.3. контент-провайдер мен Ұялы байланыс операторы арасындағы шарттық қарым-қатынастың бұзылғаны үшін, соның салдарынан Ұялы байланыс операторының қысқа 7102 абоненттік нөміріне СМС-хабарлама жолдау мүмкін болмағаны үшін;

14.7.4. СМС-хабарламаның кешіктірілгені және/немесе жетпегені үшін, сондай-ақ Науқан Ұйымдастырушысына байланыссыз туындаған Ұялы байланыс операторларының кез келген өзге де техникалық ақаулықтары үшін.

14.8. Науқанға Қатысушының Науқан аясында жолдаған әрбір СМС-хабарламасының өңделу нәтижесіне байланысты жауап ретінде Науқанға Қатысушы төменде көрсетілген тізіммен шектелмейтін, СМС-хабарламалардың бірін ала алады:

- Қабылданған код туралы және Қатысушының Кепілдендірілген жүлде (200 тг) иегері ретінде танылғандығы туралы хабарлама;

- Науқанға Қатысушының Кепілдендірілген жүлде иегерлері қатарына кірмегендігі туралы хабарланбай, Қабылданған Код туралы хабарлама;
- Мұндай Кодтың жоқ екендігі туралы хабарлама;
- Кодтың ертеректе іске қосылғандығы туралы хабарлама;
- Науқанға Қатысушының СМС-хабарламаны қате жолдағаны, тағы да қайталап көру жөніндегі хабарлама;
- Науқанның басталатын күні туралы хабарлама;
- Науқанның аяқталатын күні туралы хабарлама;
- 20 және одан да көп жолданған дұрыс кодтар үшін телефон нөмірінің Науқанға қатысудан шеттетілетіні туралы хабарлама.

14.9. Қазақстан Республикасындағы Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірінен СМС-хабарлама жолдай отырып, Науқанға Қатысушы аталған абоненттік нөмірдің Науқанға Қатысушының атына тіркелгендігін растайды (бұл Ұялы байланыс операторының тиісті құжаттарымен расталады).

14.10. Науқанға Қатысушы, егер де Коды бар СМС-хабарлама жолданған Ұялы байланыс операторының абоненттік нөмірі заңды тұлғаның атына тіркелген болса, Науқан Ұйымдастырушысы Науқанға Қатысушыға Жүлдені (-лерді) беруден бас тартуға не болмаса кейінге қалдыруға (бермеуге себеп болған мәселелерді шешкенше) құқылы екендігімен келіседі.

14.11. Науқанды өткізу барысында Науқанға Қатысушылардың алатын жүлделеріне салынатын салықтарды Науқанды Ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өзі төлейді.

14.12. Науқан Ұйымдастырушысы Науқанды өткізу шарттарын өз бетінше өзгертуге құқылы. Мұндай өзгерістер Сайтта жариялануы тиіс.

14.13. Науқанды өткізу кезеңінде жолданатын СМС-хабарлама құны Қазақстан Республикасындағы барлық ұялы байланыс желілерінің абоненттері үшін 7 теңгені құрайды (оның ішінде, ҚҚС). Қате сұраным жолданған жағдайда СМС жолдау қызметі көрсетілген болып саналады да, абоненттің шотынан ақша (7 теңге) алынады. Науқанды Ұйымдастырушының Науқанға Қатысушыға жолданатын барлық СМС-хабарламалары тегін.